


Бекітемін: 
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«ДЕНСАУЛЫҚТЫ ШЫҢДАЙМЫЗ, АТА-АНАНЫ ТЫҢДАЙМЫЗ!»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған
музыкалық-спорттық шара)



Тәрбиеші:Ходжа-Ахметова К
Әміреева.А.Н

Таушық ауылы, 08.11.2024 жыл

Тақырыбы: «Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз»
(музыкалық-спорттық іс-шара)

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. Ұлттық ойындар арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Ұлттық ойын арқылы салт-дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Арқан, асықтар, теңге салынған қалташа, орамал, аттар, қоржындар.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме! Құрметті балалар және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгінгі «Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз» атты музыкалық-спорттық ойынға қош келдіңіздер. Ұлттық ойындарымыз-халқымыздың өмірімен бірге дамып келе жатқан мәдениет жетістіктерінің маңызды бір саласы. Олар ата-бабамыздан бізге жеткен асыл қазынасы. Ұлттық ойындарды бұрын ата-бабаларымыз үлкен мерекелерде, той жиындарда ойнаған. Осылайша, атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра боп жалғасып отырған. Міне, бүгінгі ересектер «Ер Төстік» тобының қатысуымен өткелі отырған «Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз» атты музыкалық-спорттық іс -шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер. (Өуенмен балалар залға бірінің артынан бірі жүріп келеді.)

1. Хор: Әнұран.

Жүргізуші:

Ұстанған салауатты өмір салтын.

Жасқанып, ешқашанда мойымайтын.

Болашақ спортшылар келді ортаға,

Қол соғып қарсы алайық жарқын – жарқын, – деп ортаға сайыскерлерімізді шақырамыз. № 1 қызыл түсті жиде киген «Торсық» тобын қарсы аламыз. Қош келдіңіздер, ал сіздердің қарсыластарыңыз жасыл түсті жиде киген «Асық» тобын қарсы аламыз.

Өнер қуып жас өрендер өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген топтар кезектесіп

Таныстырып өздерін өтсе дейміз.

Ал енді таныстыру кезеңін бастайық. (топтың атауы, эмблемасы, ұраны)

Жүргізуші: Екі топпен танысып алдық. Әрі қарай сайыскерлерімізге сәттілік тілейміз! Алдымен денемізді шынықтыру барысында «Қара жорға» әнімен жаттығу жасап алайық.

Жан - жақты жаттықтыратын жаттығулар: Бір қатармен жүру, жүгіру, екі қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Жүргізуші: Ал, енді сайысымызды бастаймыз. Сайысымыз төрт кезеңнен тұрады.

I-кезең. «Арқан тарту»

II-кезең. «Теңге алу»

III-кезең. «Өгіз тартысу»

IV-кезең. «Күш сынасу»

Топ басшылары әр кезеңде жеңіске жеткен сайын қоржындарына асықтан ұпай жинап отырады.

I-кезең: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі- «**Арқан тарту**» ойыны. Ойын шарты: Екі жақ топтың қайсысы арқанды өз жағына тартып алса, сол топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші:

Ойнайық, ойнайық та ойлайық,

Қатарда арқа қалып қоймайық.

Белсенді болайық ортады,

Уақытты тектен-тек жоймайық,-деп екінші кезеңге өтейік.

II-кезең: ұлттық ойындардың бірі- «**Теңге алу**» ойыны. Ойын шарты: екі топтан бір ойыншыдан шығып ,атпен шауып әуен ырғағымен айналады. Әуен тоқтаған кезде ортадағы шеңберден теңге салынған қалташаны бірінші боп алу керек.

Жүргізуші: -Жарайсыңдар!

Өнер қуған жасынан,

Өнері судай тасыған.

Келесі біздің бишілер

Көрінген көштің басынан,-деп тобымыздың биші қыздарының әннен пашуы бар екен. Олай болса ортаға биші қыздарымызды «Айгөлек» биімен қарсы алыңыздар.

Би: «Айгөлек»

III- кезеңге де келіп жеттік. Бұл кезеңнің ойыны ұлттық ойындарымыздың бірі- «**Өгіз тартыс**» деп аталады. Ойынның шарты: Екі топтан бір ойыншыдан шығады. Беліне байланған арқан жіп арқылы тартысып ортадағы сызылған сызықтан қайсысы өтсе, жеңіледі. Ал, күші басым боп тартып алғаны жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Спорт - біздің досымыз,

Күш пен қайрат сыйлаған.

Спорт - біздің досымыз,

Өсіп күнде шыңдалған, - дей келе **IV кезегімізге** орын береміз. Бұл кезеңдегі ойынның түрі ұлттық ойындардың бірі болған **«Күш сынасу»** ойыны. Ойынның шарты: бұл ойын екі қатысушының білек сынасуымен орындалады. Екі қатысушы қолдарының шынтақтарын тіреу арқылы тірек қол бастарын айқастыра отырып, күштерін сынайды. Кім білекті жықса, сол бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Сайыскерлеріміздің ұпай саны қорытындылап, ер жүрек батыр ұлдарымыздың музыкалық биден шашуы бар екен. Олай болса ортаға жау жүрек жігіттерімізді «Тұлпар» биімен қарсы алыңыздар.

Би: «Тұлпар»

Жүргізуші: Балалар осымен біздің «Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз» атты музыкалық-спорттық шарамызда өз мәресіне жетті.

Біздің топта батыр ұл мен сұлу қыздар,

Тату-тәтті бірге ойнаймыз.

Баршаңызға, баршаңызға,

Тек қуаныш сыйлаймыз, - деп келесі сайыста жүздескенше қош сау болыңыздар!

Балаларды мадақтау.





